



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Nazarbayev  
Intellectual  
Schools  
Center  
of Excellence  
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

13. Matthew 4:1-4. BibleGateway.com [Электронный ресурс]. URL: <https://www.biblegateway.com/passage/?search=Matthew%204%3A1-4&version=NIVc> (Дата обращения: 22.10.2022)
14. Jennifer Gregory Miller. "Holy Thursday Mandatum: Love One Another". Catholicculture.org [Электронный ресурс]. URL: <https://www.catholicculture.org/> (Дата обращения: 22.10.2022)
15. John Hersey. "Hiroshima". The New Yorker [Электронный ресурс]. URL: <https://www.newyorker.com/magazine/1946/08/31/hiroshima> (Дата обращения: 22.10.2022)
16. The Editors of Encyclopaedia Britannica. "Beelzebub: religion". Britannica [Электронный ресурс]. URL: <https://www.britannica.com/topic/Beelzebub> (Дата обращения: 21.11.2022)
17. The Editors of Encyclopaedia Britannica. "Satan". Dictionary.com [Электронный ресурс]. URL: <https://www.britannica.com/topic/Satan> (Дата обращения: 21.11.2022)
18. Gerald James Whitrow. "Pierre-Simon, marquis de Laplace". Britannica [Электронный ресурс]. URL: <https://www.britannica.com/science/Laplaces-equation> (Дата обращения: 21.11.2022)
19. Cyril Domb. "James Clerk Maxwell: Scottish mathematician and physicist". Britannica [Электронный ресурс]. URL: <https://www.britannica.com/biography/James-Clerk-Maxwell> (Дата обращения: 21.11.2022)
20. Michio Kaku. "Albert Einstein: German-American physicist". Britannica [Электронный ресурс]. URL: <https://www.britannica.com/biography/Albert-Einstein> (Дата обращения: 21.11.2022)

#### **УДК 37.04.**

### **LESSON STUDY ТӘСІЛІ – ОҚЫТУ САПАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ЖАҚСАРТУДЫҢ КЕПІЛІ**

Козганбаева Ментай Толеухановна  
пед. ғыл. маг., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Қостанай қаласының физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Қостанай қ., Қазақстан

#### **Аңдатпа**

*Мақалада мұғалімдердің зерттеу сабағының тәжірибесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлесіп сабақ жоспарлау практикасының жағымды жақтары көрсетілген. Мақалада Lesson Study тәсілі арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту жолдары көрініс тапты.*

**Түйінді сөздер:** жоспарлау, әдіс-тәсілдер, тиімділік, рефлексия.

#### **Аннотация**

*В статье представлен опыт работы учителей казахского языка и литературы по исследованию урока. В статье отражены пути развития навыков говорения учащихся путем применения Lesson Study. Результаты опыта по совместному планированию урока.*

**Ключевые слова:** планирование, методы, эффективность, рефлексия.

#### **Abstract**

*The article presents the experience of teachers in the study of the lesson. The integrated educational program in the Kazakh language and literature develops in students four types of language skills (listening, speaking, reading, writing). The article describes the ways of developing speaking skills of students through the use of methods of Lesson Study.*

**Key words:** planning, methods, efficiency, reflection.

Сабақты зерттеу оқытуды жақсартудың кепілі. Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу негізінде мұғалім тәжірибесіне тиімді әрекеттерді таңдауға мүмкіндігі мол. Тәжірибеге өзгеріс енгізе отырып білім беруді жетілдіру арқылы сапалы білімді қалыптастыруға бағытталған ерекше педагогикалық тәсіл болып табылады. Бұл әрекет ХІХ ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда Lesson Study әдісі деп бастау алып, қазір бізге келіп жетті [1]. Мақсаты: тәжірибені жақсарту және жетілдіру.

Lesson study мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсілдердің бірі.

Үрдістің мәні:

- мұғалім қызметі зерттеу нәтижелерін талдау барысындағы табыстылығы мен сеніміне, түсінігіне негізделсе де, тәжірибеде болып жатқан өзгерістеріне сезгіш келеді;
- мұғалім әріптестерімен ынтымақтастықтың түрлерін қолданып, сыртқы эксперттік бағалау нәтижелерін қолдана отырып, іс-әрекеттегі зерттеуге қатысады.

Үрдістің іске асырылуы:



- сипаты бойынша сыныпты басқаруға мүмкіндік туғызатын, тәжірибенің белгілі аспектілеріне бағытталған басқыншылық зерттеу болып табылады;
- тәжірибенің оң өзгерістерінің динамикасын көрсететін және мәселе қоядан басталатын үдеріс болып табылады;

• ойлау мен талқылауға негізделген тәжірибені көрсетеді.

Мақсаты:

- тәжірибенің тиімділігіне кері әсер ететін себепті анықтауға және оны жою жолдарын іздеуге бағытталады;

• іс-әрекеттегі зерттеу оқыту ұйымдары желісіне таратылып, нәтижесі мектепте жинақталады.

Зерттеу сабағы оқытудың табысты стратегияларын қарастыратын сабақ жоспарларын жасақтау мен ынтымақтасу әдістерін ұсынады және мұғалімдердің жеке оқушыларға байланысты өз оқыту сапасы туралы ойлануына көмектеседі [3].

Оқу жылының қыркүйек айында бірлестік құрамындағы әріптестерімізбен кәсіби әңгіме барысында оқушыларымыздың продуктивті дағдыларын (айтылым, жазылым) жетілдіру мәселесі айқындалды. Бұл мәселе жыл сайын оқу жылының басында және оқу жылының аяғында 7-8 сыныптарда өткізілетін мониторинг нәтижесі де төп басып көрсетті. Сондықтан оқушыларымыздың айтылым дағдыларын жетілдіру, оларды еркін және сенімді жауап беруге ынталандыру қажеттілігі туындады.

Зерттелетін мәселе: «Оқушыларды сенімді және еркін жауап беруге LS тәсілі арқылы қалай ынталандыруға болады?».



Зерттелетін мәселе мен команда мүшелері анықталғаннан кейін әріптестерімізбен бірлесе Lesson Study жоспарын құрып, әкімшілік тарапынан бекітіп, жұмысқа кірістік.

Бірінші қадамымыз бақыланатын сыныпты және оқушыларды белгілеу. Ол үшін өткен жылы өткізілген мониторинг нәтижелері, бөлім бойынша бағалау жұмыстары мен тоқсандық бағалау жұмыстарының нәтижелері сарапталды. 8-сыныптарда 8 D сыныбының 1-топ оқушыларының орташа есеппен алғанда айтылым тапсырмаларын орындау балы басқа сыныптарға қарағанда сәл төмендеу болып шықты. Кестеде әр топтан жоғары, жақсы, базалық, төмен деңгейде орындаған оқушылар саны көрсетілген.

В1 деңгейі бойынша 8 T2 сыныптарында мониторинг нәтижелері (сәуір):



Қиындықтар әсіресе тақырыпқа қатысты сөз алуандылығы, ауыспалы мағынадағы сөздердің орынды қолданылуы, ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауда грамматикалық тұлғаларды қолдануда қате жібергендері байқалды. Сонымен қатар жіберген қателері түсінуге кедергі келтірмейтінін атап айту керек. Осы топта А, В, С деңгейлеріне сәйкес оқушылар анықталды. Бейнетаспаға түсірілген сабағымды әріптестеріме көрсетіп, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының қорытындылары талқыланып, тағы да бақылауға таңдалған оқушылар А, В, С деңгейлеріне сай екені расталып, бекітілді.

Екінші қадамымыз өткізілетін сабақты жоспарлау болды. Біз сабақты жоспарлауда «кері дизайн» (BackwardDesign) әдісін негізге алдық [2]. М.В.Осиповтың «Проектирование образовательного процесса в идеологии «Обратного дизайна» деп аталатын жұмысында тереңірек талдау жасалатын әдісті негізге алдық. Сабақты жоспарлауда осы тәсілді таңдауымыздың себебі, бұл

әдіс оқу үдерісін нәтижеге бағыттайды және ол жоспарлауда белгілі бір алгоритмге негізделген (оқу мақсатынан мазмұнға қарай). «Кері дизайн» әдісі төмендегідей іске асырылады:

1-қадам: білім беру бағдарламасындағы талаптарға сүйеніп, оқыту нәтижесін анықтау;

2-қадам: оқыту нәтижесіне қол жеткізгенімізді анықтайтын бағалау құралдарын әзірлеу;

3-қадам: оқыту әдістерін, оқыту мазмұнын анықтау.



Аталған тәсілге сүйеніп, сабақты жоспарлауда алдымен оқыту нәтижесін анықтаудан, яғни сабақта күтілетін нәтижені анықтаудан бастадық. Ал күтілетін нәтиже оқу мақсатынан шығатыны белгілі, сондықтан оқу бағдарламасында ұсынылған, осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаттарын іріктеп алдық, бағалау критерийлері мен дискрипторлар құрастырылды. 1-ші сабақта оқылым мақсаты, 2-ші сабақта айтылым мақсатымен жұмыс жасау жоспарланды.

### **О3. Көркем шығармаларды оқу.**

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор Оқушы
Кейіпкердің іс-әрекетін ажыратады, образдық талдау жасайды.	2	-мәтіндегі кейіпкерлерге қатысты іс-әрекеттерді жазады; -іс-әрекеті негізінде кейіпкердің образына 2-3 сөйлеммен сипаттама береді;
	3	-әңгіме үзіндісі бойынша қорытынды шығарады

### **А5. Сенімді және еркін жауап беру.**

#### **Оқу мақсаты:**

8.А5. Диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тындаушы» позицияларын еркін ауыстыру.

**Бағалау критерийі:** берілген тақырып төңірегінде пікір білдіріп, сұрақтар қояды.

#### **Дескрипторлар:**

- сурет бойынша мәтінді 2-3 сөйлеммен жалғастырады;
- тірек сөздерді орынды қолданып, жарнама дайындайды.

Ал нақты сабақ кезінде әріптестеріммен оқушыларды бақылау кезінде сөз саптау шеберліктерін бағалау мақсатында «Айтылым дағдыны бағалау картасы» құрастырылды. Картаға жеті саты енді, оларды «приоритет» деп белгіледік, олар сыныптың оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттар мен оқушылардың білім жетістіктеріне деген талаптар жан-жақты қарастырылғаннан кейін анықталды. Бақылау мен бағалау аспектілерін нақтылау маңызды процесс. Оқыту нәтижесі мен бағалау құралдары анықталғаннан кейін оқыту әдіс-тәсілдері мен мазмұнын жоспарлауға кірістік. Сыныпта оқушылардың қабілеттері әртүрлі болғандықтан тапсырмаларды саралау қажеттілігі туындады. Әсіресе «қауіп-қатер аймағындағы» (зона риска) оқушының білім деңгейінің ілгері жылжуына ықпал ететіндей тапсырма мазмұнын құрастыру жұмысы әріптестер арасында талқыға түсті. 1-ші сабақтың тапсырмалары мен әдіс-тәсілдері келесідей жоспарланды. Қызығушылықты ояту – «Челлендж. 20 сөз» әдісі.



**Оқылым тапсырмасы:** оқушыларға жас жазушы Алмас Нүсіптің «Аға, ертегі деген не?» әңгімесі оқуға ұсынылады.


1-топ «Автор»



2-топ «Іні»

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Міндеті	Тұжырым

**Оқылымнан кейінгі тапсырма:** сұрақты талқылап, пікірлермен бөлісіңіздер.



**Шаралар тізімін** құрастырып көріңіздер.

Оқылым тапсырмасы: оқушыларға жас жазушы Алмас Нүсіптің «Аға, ертегі деген не?» әңгімесі оқуға ұсынылады. Әңгіме мазмұнын дидактикалық бейімдеуден өткізуге тура келді, себебі оқушылар тілді екінші тіл ретінде меңгеруде. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын түсінетіндей қылып, қысқартылды. Топта автор және інісінің іс-әрекеттерін, кейіпкерлердің мінезін сипаттайтын сөздер, сөз тіркестер, сөйлемдерді кестеге толтырып, тұжырым жасады деп белгіледік. «Посланник» әдісінегізінде өзара жұмыс нәтижелерімен танысады (әр топ өкілі кестесімен екінші топта, кейіпкердің образы бойынша жинақтаған мәліметімен бөліседі, бірін-бірі бағалайды).

Оқылымнан кейінгі тапсырма: оқушылар топта ұсынылған ашық сұрақты талқылап, пікірлерімен бөліседі. «Шеңбер» әдісі қолданылады. Шаралар тізімін құрастырып, ой бөліседі (таныстырылым, бірін-бірі бағалау, рефлексия, кері байланыс).

2-ші сабақта оқушылар айтылым оқу мақсаты бойынша құрастырылған тапсырмалармен жұмыс істеді. Кіріспе тапсырма – «домино» әдісі (сөздік жұмыс), негізгі тапсырма – сюжетті сурет бойынша мәтін құру (топтық жұмыс); қорытынды тапсырма – ертегіні жарнамалау.

Суреттер бойынша әңгіме (мәтін) құрастыру.



Ертегіні жарнамалау.



**Қажетті сөздер:** сауда үйінде, келіңіздер, қараңыздар, билет құны, кинотеатр, кітап үйі, үйретеді, қиял әлемі, шақырамыз.

5

1

1


«5» - тақырыпқа қатысты 5 кілт сөз  
«1» - бес сөзден тұратын 1 сөйлем  
«1» - сабақ тақырыбына ортақ 1 сөз



Сабақ аяқталысымен А, В, С деңгейіндегі оқушылармен сұхбат жүргізілді. Оқушылардың ойынша сәтті орындап шыққан жұмыстары туралы пікірлері сұралды, жалпы сабақта өздерін қалай сезінгендері және қай кезеңде қиындық туғандары сұралды. «С» төмен деңгейдегі оқушы оқылым тапсырмасын орындау қиынға соққанын айтты. А, В деңгейіндегі оқушылар сабақтағы тапсырмалар қызықты әрі орындауда қиындық туғызбағандарын айтты. Осыдан негізгі тапсырманы құрастыру барысында саралау жағын әлі де күшейту керектігі, ойластыру қажеттілігі айқындалды. Сондықтан келесі сабақта кіріспе және негізгі тапсырманы жалпыға ортақ құрып, оқылым/ тыңдалымнан кейінгі, яғни бекіту тапсырмаларын А, В, С деңгейлеріне сәйкестендіріп саралауды ұйғардық. Бұл шешімді келесі циклда ескеріп, жоспарлауда іске асыру көзделді.



Оқушылардың сұхбатымен танысқаннан кейін әріптестерімізбен бірге талқылауға кірістік. Мақсатымыз оқушылардың айтылым дағдыларын дамыту болғандықтан, әріптестерім оқушыларды сабақ барысында бағалап отырды. Сабақ барысында әріптестерім бағалау парақтарын негізінде үш оқушыны бақылады. Бақылау нәтижелері. Әріптестерімнің оқушылардың айтылым дағдыларын бағалау картасын толтыру нәтижелері келесідей:



№	Приоритет	А	В	С
1	орыс тілінде сөздер қатарын қоспайды	*	*	-
2	қазақ тіліне тән әріптерді анық, дұрыс айтады	*	*	*
3	қосымшаларды дұрыс қатесіз жалғайды	*	-	-
4	тақырыпқа сай сөздерді орынды қолданады	*	*	*
5	ойын құрмалас сөйлеммен жеткізеді	*	*	-
6	«сөйлеуші», «тыңдаушы» позициясын сақтайды	*	*	*
7	сөздерді синонимдерімен қатар қолданады	*	-	-

Мониторинг нәтижелері: жыл басы/жыл аяғы (айтылым дағдысынан)		
Білім деңгейі	Жыл басы	Жыл соңы
А оқушысы	жоғары	жоғары
В оқушысы	жақсы	жақсы
С оқушысы	бастапқы	жақсы

Мониторинг нәтижелерінің қорытындысы мен сараптамасы С деңгейіндегі оқушының айтылым тапсырмаларын орындауда ілгерілеуін көрсетіп отыр. Сол себептен сабақты зерттеу жобасы аясындағы сабақ тәжірибесіне енгізілген өзгерістер оң нәтижесін берді деген қорытынды шығаруға болады. Алайда орташа деңгейлі оқушының жағымды динамика көрсетпегені алаңдаты, сондықтан келесі оқу жылына осы сұрақты әріптестер ортасында жан-жақты талқылап, сабақ тәжірибесінде тағы нені күшейту керек, қандай өзгерістер енгізу керектігін белгілеп, іс-жүзіне асырып, шешімін табуға іс-әрекет жасалады деп жоспарлап қойдық.



Мұғалімнің өз кәсіби тәжірибесін ой елегінен өткізуде рефлексия маңызды рөл атқарады.



Сабақты талқылау, талдау барысында жоспардың өзгеріссіз өткізілгені бағаланды. Оқушылардың сабақ бойы не оқу керектігін, қалай оқу керектігін білгендері туралы жағымды пікірлер айтылды. Сұрақтардың қарапайымнан күрделіге қарай сараланып берілуі, оқушылардың түсініп жауап берулеріне мол мүмкіндік берілгені туралы айтылды. Алайда С деңгейіндегі оқушының айтылым дағдысын қалыптастыру, жұмысын белсендету үшін қосымша сабақтарда жеке жұмыс жүргізу ұсынылды және топта, жұпта В немесе А деңгейіндегі оқушымен жиі жұмыс ұйымдастыру ұсынылды.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі және практик мұғалім ретінде келесідей қорытындылар жасадым:

1. Тәжірибені талдау мен бағалау, болашақтағы тәжірибені жоспарлауға көмектеседі, оқытудың тиімді тәсілдерін іздеуге, үнемі кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді, оқыту сапасын жақсартады. Ал мұғалімнің оқыту сапасы оқушылардың оқуына көп әсерін тигізеді.

2. Педагогикалық қызметті зерттеу қабілеті мұғалімнің кәсіби деңгейін анықтау критерийі қызметін атқарады.

3. Мұғалімнің теориялық білімі мен практикалық тәжірибесінің рефлексиялық біріктірілуі Lesson Study зерттеу қатысушыларына өз кәсіби шеберліктерін шыңдауға, сапалы білім беруіне жетелейді.

4. Мұғалімдер қауымдастығында кәсіби жауапкершілік пайда болады: оқытуға рефлексия жасау, жазбалар жүргізу, оқушылардың отбасыларымен қарым-қатынас, мектептің дамуына үлес қосу, кәсіби өсу және даму.

5. Lesson study – тәжірибені жетілдірудің демократиялық әдісі.

Сабақты зерттеу іс-әрекеті мұғалімдер бойында келесідей дағдылар мен қасиеттерді дамытады:

іс-әрекетті жүйелі жоспарлау	рефлексиялық дағдылар	белсенді тыңдау
сын дос ретінде әділ бағалау	тәлімгерлік	корпоративтік мәдениеттілік
шығармашылық қабілеттер	кәсіби жауапкершілік	өзара әрекеттестік

Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында сабақты зерттеу әдісін қолдану мұғалімдерге өзара тәжірибе алмасуға, бірігіп жұмыс істеуге берер мүмкіндігі мол екеніне көзім жетті. Кәсіби даму мақсаты бойынша әріптестермен әлі де шешуді қажет ететін сабақ тұстарын қалай жетілдіруге болатынын талқылау, пікір алмасу өз нәтижесен береді. Тәжірибені жетілдіру ретінде Lesson Studyді қолдану әріптестер ұжымында ынтымақтастық, ашықтық орнатады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Lesson Study: нұсқаулық, Пит Дадли;
2. Журнал «Современные проблемы науки и образования». – 2015. – № 3 (Осипов Н.В.)
3. «Lesson Study» оқыту тәжірибесін жетілдіру құралы ретінде. Әдістемелік құрал, Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 48 б.